KZ

# PHILIPS ЖАРЫҚДИОДТЫ ШАМЫНЫҢ техникалық паспорты және пайдалану нұсқаулығы

PHILIPS

**1. Жалпы мәліметтер:**

Жарықдиодты шам заманауи жарық көзі болып табылады және қызу шамын, галогенді және қуат үнемдейтін шамды тікелей ауыстырады. Шамдардың бірегей құрылысының арқасында жарық барлық бағытқа таралып, электр энергиясын айтарлықтай үнемдейді және жарықтандыру сапасын төмендетпестен қызмет көрсету шығындарын азайтады. Қолдану аясы:

- итерьерлік және сәндік жарық;
- жұмыс беттерін және т.б. жалпы жарықтандыру және жергілікті жарықтандыру;

**2. Техникалық сипаттары**

Кернеу (V = Вольт), Жарық ағыны (Lm, lumen), қуат (W = Ватт), цоколь, қызмет көрсету мерзімі (h = сағат) қаптамасында көрсетілген.

**3. Орнату, пайдалану, утилизациялау, сақтау және тасымалдау бойынша жалпы ережелер:**

- шамда механикалық зақымдар жоғына көз жеткізіңіз, механикалық зақымдары бар шамды қолдануға тыйым салынады;
- шамды монтаждау және демонтаждау жұмыстары желі қуатын өшірген кезде жүзеге асырылады (шамды пластик/әйнек негізінен ұстаңыз);
- шамды жарықты реттегіш аспаппен, жарықдиодты шамы бар ажыратқышпен, электрондық ауыстырып-қосқыштармен, оның ішінде шамда арнайы растайтын ақпараты болмаса, фотоэлементтермен, жарықтылық датчиктерімен, таймерлермен пайдаланбаңыз;
- жарықдиодты шамды суға немесе басқа сұйықтықтарға тиген кезде немесе тигеннен кейін қолдануға болмайды;
- жарықдиодты шамды сыртты жарықтандыруға арналған ашық шырағдандарға қолдануға болмайды;
- шамды жабық типтес шырағдандарға қолдануға кеңес берілмейді. Шырағдандардың осы түрлерімен пайдалану шам температурасының артуына және қызмет көрсету мерзімінің қысқаруына әкелуі мүмкін;
- құрамында сынаптар және басқа да зиянды заттар жоқ. Арнайы утилизациялау қажет емес;
- шамды құрғақ желдетілетін бөлмелерде -20°C мен +45°C аралығындағы температурада және 60 %-дан аспайтын ылғалдылықта сақтауға кеңес беріледі;
- ГОСТ 23216-78 бойынша "Л" тасымалдау шарттарында көліктің барлық түрлерімен зауыттық қаптамада тасымалдауға рұқсат етіледі.

**4. Сертификаттау:**

Тауар Кеден Одағы Техникалық регламентінің қолданыстағы талаптарына сәйкес сертификатталған.

**5. Кепілдік міндеттемелер:**

Жарамдылық мерзімі қойылмаған. Дайындалған күнін АВ, АВС немесе ХАВС пішімінде колбадан қараңыз, мұндағы А -ағымдағы онжылдықтағы дайындалған жылдың соңғы цифры. В - әріптермен кодталған дайындалған айы;А-қаң, В-ақп, С-нау, D-сәу, Е- мам,

F-мау, G-шіл, Н-там, J-қыр, К-қаз, L-қар, М-жел. С - айдың сәйкес күнін білдіретін 1 мен 9 аралығындағы цифрлармен немесе әріптермен кодталатын дайындалған күні, мұндағы А=10, В=11, С=12, D=13, Е=14, F=15, G=16, Н=17, J=18,К=19,L=20, М=21,N=22, О=23, Р=24, Q=25, R=26, S=27,Т= 28,U=29,V=30,W=31. Х - зауыттың ішкі нөмірі. Кепілді пайдалану мерзімі - осы нұсқаулықтың талаптарын сақтап, дұрыс пайдаланған кезде сатып алынған күннен бастап 2 жыл. Кассалық чек пен толтырылған паспорты болған жағдайда қолданыстан шыққан шамды сатып алған нүктеде ауыстырады.

Шам моделі ____________________

Әзірленген күнін (ай, жыл) корпустан немесе цокольдан қараңыз ____________________

Сатылған күні ____________________

Сатушы мөрі ____________________

**Әзірлеуші туралы ақпарат:** Әзірлеуші: Сигнифай Нидерлендз Б.В., Хай Тек Кампус, 45, 5656 АЕ, Эйндховен қ., Нидерланд. Ресей мен Кеден Одағының аумағында импорттаушы: Ресей, 127018, Мәскеу, ул. Двинцев, 12, 1В корпус. Тел.: 8 10 800 7445 47 75. Қытайда жасалған.




EAC